

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің "2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтардың қалдықтары бойынша мәліметтер және қосылған құн салығының есебін беру туралы" Нұсқаулықты бекіту туралы" N 562 бүйріғына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 872 бүйріғы. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2001 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1613. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бүйріғымен.

-----Бүйріқтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бүйріғымен

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Z010210\_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына сәйкес

### **БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бүйріқтарының тізбесі:

70. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің "2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтардың қалдықтары және қосылған құн есепке алу бойынша мәліметтерді беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562 бүйріғына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 872 V011613\_ бүйріғы. -----

-----  
"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010183\_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 3 мамырдағы Заңын іске асыру макатында

## БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 11 мамырдағы N 562 бұйрығымен бекітілген "2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтардың қалдықтары бойынша мәліметтер және қосылған құн салығының есебін беру туралы" V011545\_ Нұсқаулыққа ұсынылып отырған Өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Әдістеме департаменті (Усенова Н.Д.): көрсетілген Өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілсін; осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін. 3. Осы бұйрық 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап қүшіне енеді. Министрдің м.а. Келісілді Бекітілді Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қаржы Министрі Мемлекеттік кіріс Министрі 2001 жылғы 5 шілде 2001 жылғы 29 маусым N 872 бұйрығымен "2001 жылдың 1 шілдесіне дейін сатып алынған тауарлық-материалдық құндылықтар мен қосылған құн салығы есебінің қалдықтары бойынша мәліметтер беру тәртібі туралы" Нұсқаулыққа Өзгерістер мен толықтырулар 1. 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абацпен толықтырылсын:

"Заның 54-бабы 3-тармағына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеуші болып табылмайтын филиалдары мен құрылымдары бар занды тұлғалар мәліметтерді бас кәсіпорынның әрбір филиалы мен құрылымдарының қимасында занды тұлға бойынша біртұтас алғанда жиынтық кестеге атаған мәліметтерді бірлестірмesten бере алады.".

2. 3-тармақ мынадай мазмұндағы абацтармен толықтырылсын:

"оларды жүзеге асыру үшін осы оңайлатылған салық салу режимін қолдану құқығына патент алған қызмет түрлері бойынша, - патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданушы ауылшаруашылығы тауарларын өндіруші - занды тұлғалар;

оларды жүзеге асыру үшін осы оңайлатылған салық салу режимін қолдану құқығына патент алған қызмет түрлері бойынша, - патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолданушы жеке кәсіпкерлер.".

3. 6-тармақтың 2) тармақшасының 1 абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2001 жылдың 1 шілдесінде көрсетілген арттырулары бар салық төлеушілер мәліметтерді құнына, сұрыптына, санаттарына және өзге де өлшемдері бойынша бөлмesten тауарлық-материалдық қор топтары жөніндегі қимада беріледі. Көмекші материалдарға және өзге де шығыс материалдарына (кенсе тауарлары, бланк өнімдері, арнайы киім және басқалары) қатысты тауарлық-материалдық қалдықтар жөніндегі мәліметтер бір сомамен беріледі. Бұл ретте, көмекші материалдарға қалыпты өндірістік процесті немесе басқа да

өндірістік және бірлік құны 50 АЕК артпайтын шаруашылық қажеттілігінің (ұстау, ағымды жөндеулер және үй-жай мен ғимарат жабдықтарын және басқа да негізгі қаражаттарды пайдалану) шығыстарын қамтамасыз ету үшін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру процесінде пайдаланылатын материалдар жатады.". Мамандар: Омарбекова А.Т. Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК